



Сүйіспеншілік



Сүйіспеншілік (Махаббат)

«Сүйіспеншілік феясы» ертегісін оқу және талқылау

- Немене? Тағы да төбелескенсің бе? Тағы да көгеріп келіпсің ғой? – деп ренжіді анасы ұлы даладан кіргенде.
- Мен деген ... Ол балалардың құмнан жасаған қорғанын бұзып тастады ғой деп түсіндіре бастады Лёня.
- Сен төбелеспеймін деп уәде бергенсің. Сені жазаға тартса дұрыс болар еді, - деп анасы сөзін бөліп

«Анасы Лалагулді әрқашан қайырымды болуға үйретті. Бала кішкентайларға араша түсті. Оны не үшін жазалайды» деп ойлады сүйіспеншілік феясы.

Ол анасының қасына ұшып келіп құлағына сыбырлады: «Жақсы көремін».

- «Жарайды, ұлым, абыржыма. Мен сені әлемдегі барлық адамнан артық көретінімді білесің ғой, сенің тентек болып өскеніңді қаламаймын» - деді анасы.
- Мама, кішкентай балалар күні бойы қорған жасады, ал ол іші пысқаннан оны бұзып тастады. Мен қайта жасауға көмектестім, - деді ұлы, анасы бетінен сүйіп, басынан сипады.

Анасы ашулануын неге тоқтатты?

Анасының Лалагулге ашуланбайтынына көзі жеткен фея әрі қарай ұшып кетті. Өзен жағасында ол әкесі мен баласын көріп, оларды қызықтау үшін жандарына келді. Ұлы үлкен балық салынған шелектің жанына отырып алып, таңғала былай деді: «Әке, жарайсың! Қандай үлкен балық ұстадың!».

- Барып бұта теріп келейін. Екеуміз от жағып нағыз балық сорпасын жасаймыз – деді әкесі.

Әкесі бұта теруге кеткенде, бала шелекке үңілді. Балық аузын ашып жатты. Бала оны аяп кетті. Ол әрең дегенде шелекті өзенге көтеріп апарды да, балықты суға жіберіп қойды.

Қалай ойлайсыңдар, әкесі бұл туралы білген кезде баласына не дейді?

Әкесі не болғанын білген кезде күлді де былай деді: «Жарайды, сорпасыз да бір амалын табармыз. Картоп пісіреміз», - солай деді де ұлын құшақтады. Бала бақытты еді.

Бала неге бақытты еді?

«Кішкентайларға да, ересектерге де махаббат керек», - деп ойлады фея. Ол әрі қарай ұшып, жолында кездескендердің бәріне «жақсы көремін» деп сыбырлап жүрді.

- Неліктен махаббат әр адамның өміріндегі маңызды нәрсе?
- Махаббат феясынан не алғанды қалайсыз?

- Махаббат феясы сізге бір күнге сиқырлы таяқша беріп қойды деп ойлаңыз. Осы таяқшаны біреуге тигізсеңіз сол сізді жақсы көріп қалады. Таяқты кімге тигізер едіңіз? Неліктен?

Динамикалық үзіліс «Махаббат қақпасы»

Екі ойын бастаушы таңдап алынады, олар қолдарынан ұстап жоғары көтеріп «махаббат қақпасын» жасайды. Қалған ойыншылар паравоз тәрізді бірінің артына бірі тіркесіп тұрады. Педагог айтады: «Бірімізді біріміз жақсы көру үшін, қақпаның есігін айқара ашамыз және балалар қақпадан өте бастайды. Бастаушылар «қақпаны» жауып ойыншылардың біреуін қолынан ұстап, ол туралы жақсы бірдеңе айтады. Барлық ойыншы туралы айтылғанша ойын жалғаса береді.

«Махаббат үйі» өлеңін оқу және талқылау

Балаларды ол жерде жақсы көреді,
Кітап, қуыршақ, аюларды береді.
Жердің барлық қазынасына,
Бұл махаббат үйі лық толы.
Түнге қарай онда ертегі айтып береді.
Онда тек мейірімділік бар
Онда түн алдында бетіңнен сүйеді.
Бұл ата-ананың үйі.

- Неліктен әке мен ананың үйін «махаббат үйі» деп атаған?
- Жанұяда сені қандай атпен еркелетеді?
- Сізді кім жақсы көреді?
- Сіз кімді жақсы көресіз?

Жаттығу «Махаббат тілегі»

Барлығы шеңбер жасап отырады. Педагог сұрайды: «Сізді сүйгенін қаласаңыз, өзіңіз де сүйіп үйреніңіз деген сөзді қалай түсіндіресіздер?». Балалар өз ойларын ортаға салған соң, педагог айтады: «Көздеріңді жұмыңдар, жақсы көретінін барлық адамдарыңды естеріңе түсіріп, оларға махаббат тілеңдер!».

Қорытынды

Сабақ соңында қысқа әңгіме өткізіліп, педагог балалардың есіне салады:

- Махаббатсыз адам өзін жалғыз сезінеді және бақытсыз санайды.
- Сізді сүйгенін қаласаңыз, өзіңіз сүйіп үйреніңіз.

Біреуді жақсы көру осы адамға қамор болу, соның қасында бірге болуға тырысу, өзінде бар нәрсені сол адаммен бөлісу дегенді білдіреді.

Махаббат нәзіктіктен беріледі.

Қосымша тапсырма

Жаттығу «Махаббат феясының гүлі»

Балалар шеңбер жасап тұрады. Педагог балалардың ең жақсы көретін нәрсесін немесе біреуін естеріне түсірулерін сұрайды. Содан соң балалардың біреуіне «Махаббат феясының гүлін» ұсынады. Гүлді алған бала нені, кімді жақсы көретіні туралы айтып береді де, гүлді басқа біреуге тапсырады.

Шығармашылық тапсырма және аппликация

«Махаббат феясына арналған үй»

Педагог махаббатқа арналған қасиеттерді санап айтып шығады: нәзіктік, мейірімділік, ынта, шыдамдылық және т.б. балаларға осы қасиеттерді бейнелейтін түсті ойлап, қағаздан осы түске сәйкес «кірпіш» қиып алып «Махаббат феясына» арналан үй аппликациясын жасау ұсынылады. Жұмыс соңында «Махаббат қаласы» атты көрме ұйымдастырылады.